

**Шектеу іс-шараларын алып тастау және Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округ әкімінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 16 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 6 тамыздағы № 90 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 13 тамызда № 23982 болып тіркелді

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Сарыағаш аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 7 шілдедегі № 08-02-07/255 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ :

1. Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округі Ақжар ауылы Ғ.Муратбаев көшесінде, ит құтыру ауруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринарлық іс-шаралар жүргізілуіне байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округ әкімінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 16 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6192 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Түркістан облысы Сарыағаш ауданы,  
Ақжар ауылдық округі әкімі*

*Е. Сапарбаев*